

ISSN 1999-4214 (print)

ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN
HUMANITIES
INSTITUTE

№2/2024

Жылына 4 рет шығады
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2024

Бас редактор **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD)

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабекұлы Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933: e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.
Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»
Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Басуға 19.06.2024 ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.
Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89
«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова
Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабекулы Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курсыжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.
Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова».
Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Подписано в печать 19.06.2024ж. Формат 60*84 1\8. Бум. Типогр.
Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89
Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**

Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**

Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editorial Board

- Aimuhambet Zh.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Aktayeva K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
- Absadyk A.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Bredikhin S.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
- Гайнуллина Ф.А.** Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
- Yermekova T.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
- Yesirkeпова K.K.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Zhusipov N.K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
- Kurbanova M.M.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
- Kamzabekuly D.** Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Kuryshzhan L.A.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
- Oner M.** Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
- Pimenova M.V.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
- Seifullina F.S.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev

Tel/Fax: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 19.06.2024 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

ALIASKAR A.	Challenges of bilingualism: code-switching and language dominance	7
АМИРОВА Г.О., БОРАНБАЕВ С.Р.	«Әз-Замахшаридің «Мукаддимат әл-Адаб» ескерткішіндегі қабыса байланысқан есімді тіркестер	16
ӘДІЛОВ М.Е.	Қазақ тіліндегі кейбір ақша атауларының түп-төркіні мен бастапқы мағынасы	25
KURMANBEKOVA Z.R., ONER M.	Linguistic features of communication and texting in social networks	37
МАМЫРБЕК Г., МАЛБАҚОВ М., СЕЙІТБЕКОВА А.	В. Радлов сөздігіндегі байырғы сөздердің семантикалық ерекшеліктері	49
НҮРДӘУЛЕТОВА Б.И.	Маңғыстау топоареалындағы діни топонимдер	59
YANG. L., SHARIPOVA G.S., OMIRBEKOVA Zh.K.	Recreation of ethnocultural vocabulary in S. Maugham’s work «The moon and sixpence»	69

ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

АБИЛДАЕВА А.Д., АЙМҰХАМБЕТ Ж.Ә., МИРЗАХМЕТОВ А.А.	Бинарлық оппозицияның актанттық көрінісі	80
АЛИМБАЕВ А.Е. ОСЕРОВ Б.М.	Қожа Ахмет Ясауи және Абай Құнанбайұлы шығармаларындағы ізгіліктің жырлануы	90
ДОСМАҒАНБЕТОВА Г.Ж., БЕЙСЕНОВА Ж.С.	Описательные стратегии в травелогах Ади Шарипова	98
ЖАЛЕЛОВ Д.С., ӘЛТАЙ А.Д.	Доспамбет жырау толғауларындағы экзистенциялық мән	109
КАЗНҰТАУ В.К., ОРАЗБЕК М.С.	Oxymoronic interpretation of the postcolonial personality	119
KENZHEKOZHAYEVA A., МАМБЕТОВ ЗН.О.	The image of kozhanasyr in folklore of world literature.....	127
ҚАБЫЛОВ Ә.Д., БҮРКІТБАЕВА А.С.	Ә. Кекілбаев әңгімелеріндегі образ табиғаты	135

ПІРӘЛІ Г.Ж., ҚҰРМАНБАЙ А.П., СӘРСЕНБАЕВА Ж.Б.	Нәзипа Құлжанова мен Мұхтар Әуезовтің Абайтану ғылымын қалыптастырудағы рөлі.....	148
ТУЛЕБАЕВА Қ.Т.	Абай қарасөздеріндегі білім-ғылым концептісін тезаурустық талдау	160
ТУЛЕУОВА Р.Г., САРБАСОВ С.Б.	«Оғыз-наме» кітаби эпосының фольклорлық сипаты	169
ТУСИПОВА Г.Б. СОЛТАНАЕВА Е.М.	Тұрағұл Абайұлының көркем аудармадағы ұстанымы	181

ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ – МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ – METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE

ДОСАНОВА А.М., ЖҰМАТАЕВА З.Н., АШИРХАНОВА Қ.М.	Білім беру үдерісіне жасанды интеллектіні кіріктіру: тілдерді оқыту	191
ИБРАЙМОВА Л.А., РЫСҚҰЛБЕК Д.Ж., ЕРТАЕВА П.Қ.	Бала тілінің лексикалық нормадан ауытқу динамикасын зерттеу: әлеуметтік лингвистикалық талдау	202
ОРАЗ А.Н., МАЛИКОВ Қ.Т., ХАЛИКОВА Н.С.	Мнемотехника қазақ тілін үйретуде лексикалық дағдыларды қалыптастыру құралы ретінде.....	211

Л.А. ИБРАЙМОВА¹ Д.Ж. РЫСҚҰЛБЕК² П.Қ.ЕРТАЕВА³ Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан^{1,2}Нигде Өмер Халисдемир университеті, Нигде, Түркия³(e-mail: liraibraymova@gmail.com¹, ryskulbek.didar@mail.ru²,perizat.yertayeva@ohu.edu.tr³.)

*БАЛА ТІЛІНІҢ ЛЕКСИКАЛЫҚ НОРМАДАН АУЫТҚУ ДИНАМИКАСЫН ЗЕРТТЕУ: ӘЛЕУМЕТТІК ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ

Аңдатпа. Зерттеу жұмысында Қазақстан бойынша 360 респонденттен әлеуметтік сауалнама алу негізінде бала тіліндегі лексикалық нормадан ауытқу динамикасы қарастырылады. Өртүрлі демографиялық және географиялық аймақтарда жүргізілген сауалнама нәтижесі тілдегі лексикалық ауытқуларға әсер ететін түрлі әлеуметтік факторлардың, соның ішінде балалардың гаджеттерге тәуелділік көрсеткішінің жиілігін көруге мүмкіндік береді. Ана тілінің (қазақ тілінің) негізін қалыптастырудағы ата-ананың рөлі айқындалып, бала тілінің лексикалық нормаға сай сөйлей алу қабілетіне әсер ететін ортасы, достары, мектеп, әсіресе гаджеттердің ықпалы бар екендігі дәйектеледі. Зерттеу барысында әлеуметтік сауалнама әдісі қолданылып, респонденттерге ашық сұрақтар берілді. Сауалнама тек қана қазақ тілінде әзірленіп, Қазақстанның барлық өңіріне таратылды. Респонденттердің қосымша жауап беру мүмкіндіктері қарастырылды. Сауалнаманы жүргізу, мәліметтер жинау мерзімі 2 айдан аса уақытта жүзеге асырылды. Нәтижесінде гаджеттердің бала тілінің дамуына оң және теріс әсерлері талданып, тілдік-мәдени, қоғамдық жұмыстардың жүзеге асырылу керектігі жөнінде ұсыныс айтылды. Сауалнама нәтижелеріне сүйене отырып, қазіргі уақытта бала тілінің даму динамикасы тілдік нормаға сай кодталмағандығын және қазақ тілінің (ана тілінің) бұрмалауға ұшырағанын көруге болады. Қорытындыда бала тіліндегі нормадан ауытқушылықтың алдын алуда, тіл үйретуде түрлі гаджеттер мен смартфондарды дұрыс қолданудың тиімді стратегияларын әзірлеу қажеттілігі ұсынылды.

Түйін сөздер: нормадан ауытқу, әлеуметтік фактор, лексикалық норма, гаджет, смартфондардың зияны.

Кіріспе. Тіл – тек статикалық емес, үнемі қозғалыста болатын өзгермелі экожүйе. «Тіл – динамикалық құбылыс» [1] бола отырып, белгілі бір тілдік нормалар мен заңдылықтарға бағынады, ол арқылы өз ойымызды, эмоциямызды жеткіземіз [2], қарым-қатынасқа түсеміз. Әдеби тіл сан ғасырлық қалыптасқан қағидаттар бойынша түпнұсқа қалпын жойып алмас үшін белгілі бір нормаға бағынуы тиіс.

Тілдік норма – дұрыс деп танылған, жаппай қолданысқа енген, қалыптандырылған, сұрыпталған, халықтық тіл. Норма – негізінен тілдің өзі ұсынған тәртіп, нормалану – сол тәртіптерді тілдің өзінің қалыптастыруы [3, 7]. Нормаланған тіл сол тілдің ішкі

* Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын АР19679549 «Балапан» телеарнасындағы бағдарламалардың (2017-2024 жж.) әдеби тіл нормасына сәйкестігін мониторингілеудің теориясы мен тәжірибесі» ғылыми жобасы аясында жазылды.

заңдылықтарына қайшы келмейтіндей, кодификацияланған үлгіде болуы шарт. Сонда ғана тілдің табиғи нормасы түзіледі. Алайда бұл шарттылық үнемі сақтала бермейді. Грамматикалық тұлғалардың сәйкесінше берілуі, сөзді дұрыс қолдану, дыбыстау, сауатты жазу, т.б. тілдің ішкі құрылымдық заңдарына сәйкес келмейтін құбылыстар тілдің кейбір жеке тұстарында кездесіп жатады. Мұндай осал, яғни тілдік нормаға жатпайтын бірліктер кодификацияланбағанымен, жарыса қолданылып та жүр. Бұл әсіресе лексика саласында анық байқалады. «Лексика саласындағы тілдік нормаларды үш салаға бөліп сөз ету керек: бірінде жалпы жазба әдеби тілдік сөз нормаларын, екіншісінде ауызекі сөйлеу тілінің нормасын, үшіншісінде сөздердің қолданыстағы нормаларын талдап, таныту керек болады» [3, 117]. Әрине ауызекі сөйлеуде сөздердің барлығы бір қалыпқа түсіп, бір үлгімен жұмсалмайды. Анығырақ айтқанда, сөз қолданысы сөйлеу барысында түрліше реңкте түрлене алады.

Кез келген тілдің лексикалық қоры қоғамның қатынас құралы ретінде қызмет ететін сөздер тобы болып танылады. Жазба тіл нормасы, ауызекі тіл нормасы да әлеуметтік талғамнан өткен, жалпыхалықтық қолданысқа енген, бірі әдеби лексикалық құрамға енсе, енді бірі ауызекі сөйлеу нормасынан орын алған бірліктерден құралады.

Тілдік норманың ішінде қалыптасқан грамматика мен сөздік қор негізінде сөздерді қолданудың лексикалық нормалар концепциясы да бар. «Тіл жаңды құбылыс» дейтін болсақ [4], адамзаттың өзара ауыс-күйіс араласуы оның шегарасын кеңейтіп, тіпті түпнұсқасынан уақыт өте алыстата түсуі мүмкін.

Қолданыстағы жеке сөздердің дұрыс-бұрыстығы, сәтсіз жұмсалымдар, сөз мағынасының тарылу не кеңеюі, сөздердің функционалдық стильдерде қолданылуы сияқты мәселелер тілдің өзінде қалыптасқан табиғи нормалар да, кодификацияланған жазба тіл нормалары да түрлі жағдайларға байланысты ауытқушылыққа ұшырап жатады. Тілімізде бір кездері көпшілік қолданысына ие болған лексикалық бірліктер мағынасы күңгірттеніп немесе жаңаша стильдік мәнде жұмсалымға енеді. Осыған орай нормадан ауытқудың түрлі себептері анықталған. Солардың бірі – әлеуметтік фактор. Бала тілі ең бірінші отбасынан, ата-анасымен қарым-қатынасы негізінде шығатындықтан, тілдің дамуы әлеуметтік жағдайға тікелей тәуелді. Ал қазіргі уақытта ата-ананың баласына тіл үйрету мақсатында орысша не ағылшынша сөйлесуі белең алған. Сонымен қатар ата-ана баласының күндіз-түні көретін гаджеттерінің тілін өзге тілде көре беруіне кейде арнайы, кейде ешбір ойсыз рұқсат береді. Тіл ғана емес, жалпы баланың дамуына гаджеттердің ықпал етіп жатқаны туралы жиі айтылуда [5] Тіпті соңғы кездері кейбір ата-аналар гаджеттерді бала күтушісінің ролінде қолданып [6], баласын гаджетке тәрбиелетеді.

Смартфондарды ерте жастағы балалардың тілдік дағдыларын дамыту құралы ретінде пайдаланған тиімді болғанымен, ата-анасы бақыламаса, керісінше, зиянды болуы әбден мүмкін. Ririn Fujiarti Ali де ерте жастан гаджеттерді қолданып, оған тым тәуелді болу балалардың қарым-қатынас жасау және тілдік дағдыларын дамыту қабілетіне әсер етіп, тілінде тежелу болатындығын жазады [7]. Бір топ зерттеуші кішкентай балалардың тілдік дағдыларының дамуына смартфондардың қалай әсер ететіндігін зерттеген. Нәтижесінде экран алдындағы уақыттың балаларға теріс әсері туралы жалпыға ортақ қауіптерге қарамастан, смартфондар ата-аналардың бақылауы және нұсқауымен пайдаланған кезде, балалардың тілдік дағдыларының дамуына оң ықпал етуі мүмкін деген тұжырымға келеді. Ата-аналардың жауаптарына сүйене отырып, зерттеушілер білім беретін қосымшалар мен түрлі «контентті» қамтитын смартфонды шектеп, мақсатты түрде пайдаланған кезде ғана бала тілін дамытуға жақсы әсер ететінін анықтаған. Мазмұнын мұқият таңдап, экран алдындағы уақытты шектейтін отбасыларда балалардың тілдік дағдылары жақсы және қарым-қатынас қабілеттері жоғары болады [5].

Зерттеу жұмысында бала тілінің дамуына әсер ететін, сөзді дұрыс қолдануы, дыбыстауы және бала тілінің дамуына әсер ететін әлеуметтік факторлар, соның ішінде гаджеттердің ықпалы туралы талдау жасалынып, бала тілінің қазіргі уақыттағы даму динамикасын айқындау мақсаты көзделді. Аталған мақсатқа жету үшін бірнеше міндеттер қойылды:

- балалардың қай тілдегі бағдарламаларды жиі көретіндігін және кімнің таңдауымен көретіндігін дәйектеу;

- баланың тек өз ана тілінде емес, өзге тілді араластырып сөйлеуінің себептерін саралау;
- күнделікті өмірде балалардың көретін мультфильмдері мен бағдарламалардың олардың тілінің дамуына тигізер ықпалын анықтау.

Осы міндеттерді шешу барысында бала тілінің лексикалық даму динамикасына әлеуметтік және лингвистикалық болжамдар жасалынып, баланың туабітті қарым-қатынас жасауға икемділігі мен жасампаздығын көрсететін қабілетін ана тілінде дамытудың маңыздылығы айқындалады.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Зерттеу жұмысында лексикалық нормадан ауытқуға әсер ететін факторлардың бірі – теледидар мен әлеуметтік желідегі бағдарламаларды көретін балалар тіліндегі тілдік өзгерістерді анықтау үшін әлеуметтік сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға түрлі демографиялық және географиялық аймақтарды көрсеткен 360 респондент қатысты. Сауалнаманың іріктемесі бойынша 339 (94,2 %) әйел, 21 (5,8 %) ер адам жауап берген. Ұлты бойынша ұйғыр -1, шешен -1, қырғыз -1, қалғаны – түгел қазақ. Респонденттердің географиялық аймағы бойынша таралуы – ҚР-ның барлық өңірлерін қамтиды.

Мәліметтерді жинауға түрлі қоғамдық орта мен кең ауқымды қамтитын әлеуметтік желілердің көмегіне сүйендік. Сауалнамаға қатысушылар Whatsapp және Facebook әлеуметтік желілеріне сілтеме тарату арқылы түрлі әлеуметтік-экономикалық, жас ерекшеліктеріне қарамай Қазақстан бойынша тартылды. Сауалнама нәтижелері бойынша респонденттердің тұрғылықты жері мынандай болды: Алматы – 158; Алматы облысы–86; Маңғыстау – 4; Астана – 5; Түркістан қаласы мен облысы (Жетісай, Шардара) – 37; Шымкент қаласы – 21; ШҚО – 6; Қызылорда – 5; Қостанай – 2; Қарағанды – 2; Сәтбаев қаласы – 1; Ақмола облысы – 4; Жамбыл облысы – 3; Тараз – 4; Жетісай – 19; Ақтөбе – 2; Жетісу облысы – 3. Сауалнама зерттеушілердің тұрғылықты мекені бойынша көп таратылып, сауалнаманың толтырылуына ықпал еткендіктен, сәйкесінше Алматы мен Алматы облысынан респонденттердің саны басым түсіп тұр.

Сауалнаманың құралы – қазақ тіліндегі лексикалық нормадан ауытқудың балалар тіліндегі көрінісін анықтау, сонымен қатар олардың «Балапан» және басқа да арналарды көруіне ата-анасының ықпалын, әлеуметтік факторлар жайында ақпараттарды алу үшін құрастырылған құрылымдық анкета. Сауалнама ашық сұраққа негізделіп, бірнеше мәселені шешуді көздеген болатын. Осы мақалада төмендегі сұрақтардың төңірегінде талдау жасалады:

- Балаларыңыз (немерелеріңіз) қай тілдегі бағдарламаларды көбірек көреді?
- Балаңыз (немереңіз) мультфильмдер мен бағдарламаларды кімнің таңдауымен көреді?
- Балаңыз (немереңіз) қазақ тілін қаншалықты біледі?
- Балаңыз (немереңіз) қандай орысша сөздерді араластырып сөйлейді?
- Балаңыз (немереңіз) қандай ағылшынша сөздерді араластырып сөйлейді?
- Сіздің ойыңызша ол сөздерді қайдан үйреніп алған?

Сауалнама лексикалық нормадан ауытқудың кездесуі, тілді қолданудағы тілдік түрленуге әсер ететін стандартқа сай емес факторлары сияқты мазмұнды қамтиды.

Сауалнама Қазақстанның мемлекеттік тілі қазақ тілінде жүргізілді. Респонденттерге қажет болған жағдайда қосымша жауап беру нүктелері қосылды. Мәліметтерді жинау 2 ай көлемінде жүргізіліп, ол толыққанды жауап алуға және іріктеменің әртүрлі болуына септігін тигізді.

Сауалнама нәтижелерінің сенімділігі мен негізділігін қамтамасыз ету үшін мәліметтерді қарапайымдандырып, сапасын көтеру қолға алынды. Ол үшін респонденттерге құпиялылық пен анонимділікке кепілдік беру, сонымен қатар, мәліметтердің шынайылығы мен сенімділігін тексеру сияқты нақты нұсқау берілді.

Сауалнаманың нәтижесінен қазақ тіліндегі лексикалық нормадан ауытқуға әсер ететін негізгі факторлар мен кең таралған ақпараттар туралы құнды мағлұматтар алынды.

Кесте 1 – Балаларыңыз (немерелеріңіз) қай тілдегі бағдарламаларды көбірек көреді?

Тек қазақ тілінде	151	41,9 %
Қазақ, орыс, ағылшын тілдері аралас	119	33,1 %
Орыс тілінде. Ара-тұра ғана қазақ тілінде көреді	59	16,4 %
Тек орыс тілінде	25	6,9 %
Тек ағылшын тілінде	1	0,3 %
Қазақ, орыс тілінде	5	1,5 %

Кесте 2 – «Балаңыз (немереңіз) мультфильмдер мен бағдарламаларды кімнің таңдауымен көреді?» сұрағы бойынша:

Әрдайым емес, кейде көмектесемін	76	(21,1%)
Мультфильмдер мен бағдарламаларды таңдауға көмектесемін	35	(9,2 %)
Өз таңдауымен көреді	244	(67,2%)

Жоғарыдағы сұрақтан мына жауаптар есептелмеді: олар бөлек тұрады – 1 жауап; көрмейді – 2 жауап; көп көрмейді–1 жауап, мультфильм көретін жастан асып кеткендіктен мультфильм көрмейміз – 1 жауап.

«Сіздің ойыңызша ол сөздерді қайдан үйреніп алған?» сұрағы бойынша мынандай нәтижелер алынды: Телефоннан – 109; Теледидардан – 67; Мультфильмдерден – 35; Ортадан – 18, Арнайы тіл үйрететін қосымшадан – 3; Мектептен – 16; Сабақтан – 10; Интернеттен–9; Ютуб – 11; Әлеуметтік желі – 8; Балапан арнасынан – 4; Балабақшадан – 6; Тик-ток – 3; Жоқ – 17; Ол тілді қайдан үйренгенін білмейтіндер – 17; Достарынан – 12; Отбасы – 9; Қосымшаға барып үйренеді (ағылшынша) – 8; Тек қазақ тілінде сөйлейді – 22; Өзім үйретемін – 4; Өзі үйренеді – 2; Көретін бағдарламалардан – 5; Кітаптан – 4; Кинолардан – 3.

«Сөйлемейді» (1), «түсінбедім» (1), «естіген» (1), «көп қолданылады» (1), «иә» (1) жауаптары жарамсыз деп танылды.

Респонденттер «Балаңыз (немереңіз) қандай орысша сөздерді араластырып сөйлейді?» сұрағына мынандай сөздерді мысал ретінде жазған: да, нет (3), или (6), по моему (1), короче (5), ну конечно (8), типа (2), хочу, не хочу (5), окно (1), давай (3), может, не может (5), привет (4), пока (3), спасибо, еще (3), потом (7), потому что (5), пошли (2), друг (1), вообще (8), уже (3), кароче (3), почти (1), я тебя люблю (1), гулять (1), супер мега,золотой (1), королева (1), синий трактор (1), почему (1), иногда (1), помнишь (1), интересно (1), просто (1), не знаю (1), ютубтан көргенім (1), лошка мултик (1), класно (1), отдуши (1), бабушка (1), магазин (1), если (1), чотам (1).

Осы сұрақта «мүлде араластырмайды» (102) деген жауапты салыстырмалы түрде респонденттердің санына (360 респондентке) шаққанда жартысынан көбінің балалары араластырып сөйлейгіндігі белгілі болды. Сауалнамада нақты мысалдармен емес, тек жалпылама жауап жазғандар да бар: «Көп» (33), «Әртүрлі» (8), «Жартылай» (2), «Біраз» (1), «Кейбір сөздер» (2), «Барлық» (4), «Араластырады» (5), «Екі тілде» (1), «Тұрмыстық, күнделікті» (11), «Кейде» (9) жауаптары. Осының ішінде «Көп» жауабына аса мән берген жөн. «Білмеймін» (2) жауабы есепке алынбады.

Талқылау мен бақылау. Заманауи технологиялар күнделікті өміріміздің маңызды бөлігіне айналуға бастады. Балалар кішкентай кезінен бастап смартфондар, планшеттер және компьютерлер сияқты әртүрлі гаджеттерді пайдалануы салдарынан олардың қарым-қатынас жасау мен тіл дағдыларын дамыту қабілетіне кері әсері тиюде. Нақтырақ айтқанда, ана тіліндегі сөздік қоры толық қалыптаспай тұрып, күнделікті ортасынан, гаджеттерден

үйренген екінші, үшінші тілдің элементтерін араластырғанының салдарынан, бала орысша не ағылшынша ойлап, қазақша жауап беруге қиналатындай жағдайға жеткен.

Негізгі проблемалардың бірі – балалардың гаджеттерге тым тәуелді болуы, бұл кітап оқу, ата-аналармен және басқа балалармен қарым-қатынас жасау сияқты тілді дамытуға ықпал ететін іс-әрекеттерге аз уақыт жұмсауға әкеледі. Осының салдарынан кейбір балалардың сөйлеу тілінің дамуы тежелетіндігі дәлелденген [8].

Ата-аналар гаджеттерді пайдалану барысында балалармен белсенді араласып, мазмұнын түсіндіріп, алған білімдерін өмірде қолдануға көмектесуі керек. Сондай-ақ тіл мен әлеуметтік дағдыларды дамытуға көмектесетін ойындар, оқу және шығармашылық әрекеттер сияқты әртүрлі істерге ынталандыруы маңызды.

Алайда сауалнама нәтижесі көрсеткендей, 360 респонденттің 244-інің жауабында бала теледидарды өз таңдауымен көреді. Бұл қазақстандық ата-аналардың баласын бақылауда ұстамайтындығынан хабар береді. Себебі ата-аналардың өзі қазіргі кезде гаджетке тәуелді. Ата-анасы бөлек, баласы бір бөлек виртуалды әлемде отырып, отбасылық қарым-қатынас көп отбасыларда жоқ деуге болады. Гаджетке тәуелділік тұлғаның әлеуметтенуіне кедергі келтіретіндігі зерттеулерде дәлелденген [9].

Ата-аналар мемлекеттің үш тілділік саясатының әсерінен немесе балаларының өзге тілді үйретуге деген құлшыныстарының әсерінен балаларымен орысша, ағылшынша сөйлесуі, ақылы курстарда оқытуы, орыс, ағылшын, тілдерінде теледидар көрсетуі, балалардың қолына гаджеттерді ұстатып, күндіз-түні бақылаусыз «интернетте отыруы» белең алған. Алайда бала тілінің ана тілінде дамуына қажетті барлық жағдай жасалмай жатады. Мысалы, интернет тілдік ортаны құра алады, баланың сөздік қорын кеңейте алады, оған визуалды және ауызша бейнелерді жеткізе алады. Бірақ гаджеттер балаға отбасында немесе балабақшада қалай қолданылатынына байланысты әртүрлі әсер етеді. Электрондық құрылғылар тек пайдалы болады деп те біржақты айта алмаймыз. Электрондық құрылғыларды отбасы өмірінен толығымен алып тастау да мүмкін емес, сондықтан зейін мен тепе-теңдік маңызды. Біз баланың гаджетпен өткізетін уақытын реттеп, оны мақсатты және мағыналы түрде пайдалануымыз керек [10].

Мультфильмдер ғана емес, кез келген гаджеттен көрген нәрселер бала тілінің тек тыңдау, көру қабілетіне әсер етеді де, айтылым дағдысын қалыптастыра алмайды. Себебі онда кері байланыс жоқ, бетпе-бет кісімен сөйлескендей қарым-қатынас жасай алмайды.

Мысалы, Ririn Fujiarti Ali мен Agustina гаджеттерді шексіз көрудің түрлі салдарын, баланың сөйлеуге деген құлшынысы жоғалатындықтан, 2 жасқа дейінгі балаларға мүлде гаджетті беруге болмайтындығын айтады [7]. Сауалнама нәтижелерінде жазылған бір, бір жарым жасар баланың гаджетті қолында ұстап жүретіндігі туралы жауапты ескеретін болсақ, телефонды туа салысымен пайдаланатындығын көреміз. Тіпті бесікке байлап қоятын да ата-аналар бар.

Оқу және жазу кезінде біз мәтінді солдан оңға және жоғарыдан төмен қарай қадағалаймыз, ал смартфондағы ойын объектісінің ретсіз қозғалысы оқу мен жазу үшін көздің дұрыс қозғалысын қалыптастыруға ықпал етпейді. Гаджеттердегі ұзақ ойындар баланың көз бұлшықеттерінің дұрыс емес динамикасын қалыптастырады. Бала статикалық затқа тұрақты қарай алмайды және көз назарын ұстай алмайды, өйткені көздер ойындардағы түрлі-түсті және қозғалатын заттарға үйренеді. Гаджеттерді шамадан тыс пайдаланғанның әсіресе жас балаларға өте көп жағымсыз салдары бар. Бұл сөйлеудің дамуының баяулауында ғана емес, сонымен қатар баланың жүйке-психикалық жағдайына да әсер етеді: ойынға тәуелділік, қозғыштықтың жоғарылауы, стресс, невроздар, депрессия, көру қабілетінің бұзылуы, эмоционалдық проблемалар және т.б. Ерте жаста сөйлеуді меңгеру тек тірі, тікелей қарым-қатынаста болады. Нәрсесте басқа адамдардың сөздерін тыңдап қана қоймай, диалогқа өзі қосылған кезде басқа адамға жауап бере алады [7].

Нәтижелер. Қазақстан бойынша жүргізілген әлеуметтік сауалнаманың нәтижелері балалар тіліндегі лексикалық нормадан ауытқу динамикасы туралы құнды ақпарат берді. Сауалнама деректерін талдау және қолданыстағы әлеуметтік-саяси факторларды

контекстік түсіну арқылы осы тұжырымдардың салдары мен маңыздылығын тереңірек талқылауға итермелейтін бірнеше негізгі мәселелер анықталды.

1. Сауалнама нәтижелері респонденттердің балаларымен күнделікті қарым-қатынасында кездесетін лексикалық ауытқулардың әртүрлі факторларын анықтайды. Респонденттердің жауабынан басқа тілдерді, орысша, ағылшынша араластырып сөйлеу олардың әлеуметтік желілерді, смартфондар мен теледидарды ата-ананың қадағалауынсыз көруінің салдарынан ана тілінде еркін сөйлей алмайтын, сөздік қоры таяз ұрпақтың тәрбиеленіп жатқандығынан хабар береді.

2. Кейбір респонденттер баласының қазақ тілінде ғана сөйлеуіне басымдық бергенімен, басқалары тілдік ауытқуларды күнделікті қарым-қатынастағы табиғи қалыпты жағдай сияқты, қазақ тілінің болашағы бала тілінде екендігін сезінбей, салғырт қарайтындығы саналы түрде ағылшын және орыс тілінде сөйлеуге баулуынан көрінеді. Бұл – әлеуметтік-мәдени ахуалдың өзгеруі және ұлтты ұлт ретінде танытатын, басқа ұлттан бірегей етіп көрсететін негізгі белгі тіл екендігін танытатын мемлекеттік деңгейде идеологиялық жұмыстың жасалмағандығының белгісі.

3. Тілдік нормадан ауытқуға әсер ететін әлеуметтік факторлар, интернет пен бұқаралық ақпарат құралдарының тілі жаһандану үдерісінің ықпалына түскендігі, әдеби тілді сақтауға талпыныстың әлсіздігі, қазақ тілді контенттің аздығы, отбасылық құндылықтың ішінде ұлттық тәрбие ана тілі арқылы берілетіндігін ескермеу сияқты түрлі мәселелер бала тілінен көрінгенін сауалнама нәтижелері дәлелдейді.

4. Тілдің динамикалық құбылыс ретінде танитын болсақ, жаңа сөздерге қазақша балама табу, аударылмаған күйі қолданылатын халықаралық терминдер тілдік қорды кеңейтіп, оның уақыт өте өзгере беретіндігін, алғашқы түпнұсқа қалпынан алшақтайтындығын тілшілер әуелде-ақ дәлелдеген. Алайда ұлттың негізгі бет-бейнесі, қазақ тілінің қалыптасқан нормасын бірізді сақтауға ұмытылу үшін білім беру жүйесінде және тіл саясатын дамытудың жолдарын жүзеге асыратын уақыт келді. Тіл саясатын жүргізуде, сондай-ақ жаңа сөздерге қазақша балама табу мен білім берудің салдары сауалнама нәтижелері тіл саясаты мен мәдени мұраны сақтауға бағытталған білім беру бастамаларына әсер етеді.

Қорытынды. Қорытындылай келе, әлеуметтік сауалнама Қазақстанның тілдік ландшафтындағы лексикалық нормалардан ауытқудың балалар тіліндегі күрделі динамикасы туралы құнды ақпарат береді. Тілдің қолданылуын қалыптастыратын заңдылықтарды, көзқарастар мен әсерлерді анықтай отырып, алынған нәтижелер балалар тіліндегі нормадан ауытқушылықтың алдын алып, тіл үйретуде смартфондар мен түрлі гаджеттерді қолданудың тиімді стратегияларын әзірлеп, осы тұрғыдан әлі де зерттеулер жүргізе түсу керектігін көрсетеді. Болашақта тіл саясаты мен білім берудегі түрлі іс-шараларға жол ашады. Зерттеу барысында балалардың ата-ананың бақылауынсыз, өз бетімен бағдарламаларды көретіндігі, сонымен қатар, қазақ тілінде емес, өзге тілде көп көретіндігі анықталды. Осының себебінен бала орысша, ағылшынша араластыра сөйлеп, ана тілінің негізі дұрыс қаланбайтындығы байқалды. Орысша немесе ағылшынша үйренген сөзінің қазақша баламасын білмейтіндігі, оның қарым-қатынаста тек сол сөзді қолданатындығымен дәлелдеуге болады. «Баланың тілі шыққанда қай тілде сөйлесе, сол тіл оның ана тілі» [11], – деп қазақ тіл біліміндегі әлеуметтік лингвистика саласын терең зерттеген ғалым Б.Хасанұлы айтпақшы, баланың «ана тілінде» сөйлету, болашақ өсіп келе жатқан баланың тілін әдеби нормаға сай дамыту, тілдегі неологизмдердің және кірме сөздердің, жаргон, сленгтердің көбеймеуіне, әдеби тілдің сақталуына кепіл бола алады. «Бояушы, бояушы десе, сақалын бояпты» дегендей, үштілді ұрпақ тәрбиелеу жолында ана тілінің әдеби тіл нормасынан ауытқуы ғана емес, ұлт тілінің түпнұсқа қалпының бұзылуына әкеп соғуы мүмкін.

Бұл зерттеуде сауалнаманы алу өте қиынға соқты. Халықтың сауалнама толтыру мәдениетінің қалыптаспағандығын ескере отырып, зерттеу жұмысының әлі де жалғасатындығын айтқымыз келеді. Сауалнамаға Қазақстанның тек оңтүстігі, соның ішінде Алматы қаласы мен облыстары көбірек жауап берген. Солтүстік және орталық

Қазақстанның шалғай өңірлерінің тұрғындары мүлде қатыспаған. Сол себепті зерттеу жұмысында тек біржақты қорытынды шығаруға тура келеді. Алматы және Алматы қаласына жақын орналасқан аудандарда балалардың тілі нормаға сай емес, кірме сөздерді, басқа тілден енген сөздерді көп қолданатындығы белгілі болды. Халықтың ең тығыз орналасқан Алматы мен Алматы облысындағы балалар тілінің даму динамикасына әлеуметтік факторлардың, соның ішінде ата-ананың бала тілін дамытудағы үлесін ескере отырып, тілдік-саяси жұмыстар жүргізудің аса қажеттігін көрсетеді.

Әдебиеттер

1. Соссюр Ф. де. Курс общей лингвистики. Екатеринбург: Урал. ун-т, 1999. -432 с.
2. Иманалиева Ғ.Қ. Эмоционалдылық және оның тілдегі көрінісі. ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы, № 1 (131). 2011 – Б. 144 -147.
3. Сыздықова Р. Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы). Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ел-шежіре, 2014. – 291 б.
4. Рысбай Б. Язык – живое явление. Вестник КазНУ. Серия филологическая. № 3(149). 2014. Стр. 256-259.
5. Nasratun N., Ilma Z., Fifi E., Muarofakh A. The Role of Parents in Stimulating Early Children's Language Development Through Smartphone Use. Journal Of Early Childhood Education. Vol. 3(1), June 2023 – P. 10-18 DOI: <https://doi.org/10.14421/joyced.2023.31-02>
6. Muhardila F., Rahmawan C.M, Zulfa B., Alvi H., Risty A. The influence of technology use in improving language skills in children aged 7-12 years: a literature review. International Journal Of Vol. 2, No. 1 February 2024, – P. 1-10 Education And Social Reserach DOI:<https://doi.org/10.62017/ijesr.v2i1.38>
7. Ririn F.A., Agustina. Gadget phenomenon: the effect toward language disorders and social interaction of early childhood. Journal of Cultura and Lingua (CULINGUA) | Vol. 2 No. 2, January 2021, – P. 115-122. <https://doi.org/10.37301/culingua.v2i2.47>
8. Ability N.A., Musda A., Mappapoleonro C. The Effect of Gadget Toward Early Childhood Speaking. IJECES 7 (2) (2018) Indonesian Journal of Early Childhood Education Studies <http://journal.unnes.ac.id/sju/index.php/ijeces>
9. Dewi N.S., An Analysis of the Impact of the Use of Gadget on Children's Language and Social Development. Advances in Social Science, Education and Humanities Research, Vol. 449. Proceedings of the International Conference of Early Childhood Education (ICECE 2019)
10. Sowmya ASL, Manjuvani E. Usage of electronic gadgets and language development of preschool children. International Journal of Home Science, 2019 5(2). – P. 420-423. IJHS www.homesciencejournal.com
11. Хасанұлы Б. Ана тілі-ата мұра (Қазақ тілінің жер жүзі тілдері жүйесіндегі алатын орны). – Алматы: Жазушы, 1992. – 272 б.

Л.А. ИБРАЙМОВА, Д.Ж. РЫСКУЛБЕК,

Казахский национальный женский педагогический университет,
Алматы, Казахстан

П.К. ЕРТАЕВА

Университет Нигде Омера Халисдемира, Нигде, Түркия

ИССЛЕДОВАНИЕ ДИНАМИКИ ОТКЛОНЕНИЯ ДЕТСКОЙ РЕЧИ ОТ ЛЕКСИЧЕСКОЙ НОРМЫ: СОЦИАЛЬНЫЙ ЛИНГВИСТИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ

Аннотация. В исследовании рассматривается динамика отклонения детской речи от лексической нормы на основе проведенного социального опроса 360-ти респондентов по Казахстану. Результаты опроса, проведенного в различных демографических и географических регионах, дают возможность увидеть различные социальные факторы, влияющие на частоту

лексических отклонений, в том числе и показатели зависимости детей от гаджетов. Определена роль родителей в становлении родного (казахского) языка, аргументировано, что на способность ребенка говорить в соответствии с лексическими нормами имеют влияние среда, друзья, школа, в особенности гаджеты. В ходе исследования был использован метод социологического опроса, респондентам были предложены открытые вопросы. Анкета была разработана исключительно на казахском языке и распространена во всех регионах Казахстана. Рассмотрены дополнительные возможности ответа респондентов. Проведение анкетирования, сбор данных осуществлялись в срок более 2 месяцев. В результате было проанализировано положительное и отрицательное влияние гаджетов на развитие детской речи, высказано предложение о проведении языково-культурной, общественной работы. Исходя из результатов опроса, можно увидеть, что динамика развития детской речи в настоящее время не кодируется в соответствии с языковой нормой и казахский (родной) язык подвержен искажению. В заключении была предложена необходимость разработки эффективных стратегий правильного использования различных гаджетов и смартфонов для профилактики отклонений от нормы детской речи при обучении языку.

Ключевые слова: отклонение от нормы, социальный фактор, лексическая норма, гаджет, вред смартфонов.

L.A. IBRAIMOVA, D.ZH. RYSKULBEK,

Kazakh National Women's Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

P.K. YERTAeva

Niğde Ömer Halisdemir University, Niğde, Turkey

STUDY OF DEVIATIONS IN CHILDREN'S SPEECH FROM LEXICAL NORM: A SOCIOLINGUISTIC ANALYSIS

Annotation: This study examines the dynamics of deviations in children's speech from the lexical norm based on a conducted social survey of 360 respondents across Kazakhstan. The survey results, conducted in various demographic and geographical regions, allow for an exploration of various social factors influencing the frequency of lexical deviations, including indicators of children's dependence on gadgets. The role of parents in the development of the native (Kazakh) language is defined, arguing that a child's ability to speak in accordance with lexical norms is influenced by their environment, friends, school, and particularly gadgets. The research utilized a sociological survey method, respondents being presented open-ended questions. The questionnaire was developed exclusively in the Kazakh language and distributed in all regions of Kazakhstan. Additional possibilities of the respondents' response are considered. The survey and data collection were carried out within a period of more than 2 months. The study analyzed both the positive and negative effects of gadgets on the development of children's speech, proposing language-cultural and community outreach efforts. Based on the survey results, it can be observed that the dynamics of children's speech development are currently not aligned with linguistic norms, and the Kazakh (native) language is susceptible to distortion. In conclusion, the need to develop effective strategies for the proper use of various gadgets and smartphones to prevent deviations from the norm of children's speech in language learning was proposed.

Keywords: deviation from norm, social factor, lexical norm, gadget, harm of smartphones.

References

1. Sosyur F. de. Kurs obščei lingvistiki. Ekaterinburg: Ural. un-t, 1999. - 432 s.
2. İmanalieva Ć. Q. Emotsionaldylyq jane onyn tıldegi korınısı. QazUU habarshysy. Filologiya seriyasy, № 1 (131). B. 201. – 144 -147.
3. Syzdyqova R. Tıldık norma jane onyn qalyptanuy (kodifikatsiyasy). Koptomdyq ŷygarmalar jinagy. – Almaty: El-ŷejire, 2014. – 291 b.

4. Rysbai B. Yazyk – jivoe yavlenie. Vestnik KazNU. Seriya filologicheskaya. № 3(149). 2014. – 256-259
5. Nasratun N., Ilma Z., Fifi E., Muarofakh A. The Role of Parents in Stimulating Early Children's Language Development Through Smartphone Use. Journal Of Early Childhood Education. Vol. 3(1), June 2023 – P. 10-18 DOI: <https://doi.org/10.14421/joyced.2023.31-02>
6. Muhardila F., Rahmawan C.M, Zulfa B., Alvi H., Risty A. The influence of technology use in improving language skills in children aged 7-12 years: a literature review. International Journal Of Vol. 2, No. 1 February 2024, – P. 1-10 Education And Social Reserach DOI:<https://doi.org/10.62017/ijesr.v2i1.38>
7. Ririn F.A., Agustina. Gadget phenomenon: the effect toward language disorders and social interaction of early childhood. Journal of Cultura and Lingua (CULINGUA) | Vol. 2 No. 2, January 2021, – P. 115-122. <https://doi.org/10.37301/culingua.v2i2.47>
8. Ability N.A., Musda A., Mappapoleonro C. The Effect of Gadget Toward Early Childhood Speaking. IJECES 7 (2) (2018) Indonesian Journal of Early Childhood Education Studies <http://journal.unnes.ac.id/sju/index.php/ijeces>
9. Dewi N.S., An Analysis of the Impact of the Use of Gadget on Children's Language and Social Development. Advances in Social Science, Education and Humanities Research, Vol. 449. Proceedings of the International Conference of Early Childhood Education (ICECE 2019)
10. Sowmya ASL, Manjuvani E. Usage of electronic gadgets and language development of preschool children. International Journal of Home Science, 2019 5(2). – P. 420-423. IJHS www.homesciencejournal.com
11. Hasanuly B. Ana tılı-ata mura (Qazaq tılınıń jer juzi tilderi juiesindegi alatyn orny).— Almaty: Jazushy, 1992. – 272 b.

Авторлар жайлы мәлімет:

Ибраймова Лира Әбділдабекқызы – филология ғылымдарының кандидаты, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің қауым. профессор. м.а., Алматы қаласы, Қазақстан.

Ибраймова Лира Абдилдабековна – кандидат филологических наук, и.о.ассоц. профессор Казахского национального женского педагогического университета, Алматы, Казахстан.

Ibraimova Lira Abdildabekovna – Candidate of Philological Sciences, Acting Associate Professor of the Kazakh National Women's Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.

Рысқұлбек Дидар Жылқыбайқызы – философия докторы (PhD), Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің аға оқытушысы, Алматы қаласы, Қазақстан.

Рысқұлбек Дидар Жылқыбайқызы – доктор философии (PhD), ст. преподаватель Казахского национального женского педагогического университета, Алматы, Казахстан.

Ryskulbek Didar Zhylykbaikyzy – Doctor of Philosophy (PhD), senior Lecturer of the Kazakh National Women's Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.

Ертаева Перизат Құрбанбекқызы – философия докторы (PhD), Нигде Өмер Халисдемир университетінің докторы, Нигде, Түркия.

Ертаева Перизат Курбанбекқызы – доктор философии (PhD), доктор Университета Нигде Омера Халисдемира, Нигде, Турция.

Yertayeva Perizat – Doctor of Philosophy (PhD), doctor of the Niğde Ömer Halisdemir University, Niğde, Turkey.